

ческого общества; теории целостности общества; теории детерминации социальных процессов; теорий классической педагогики.

Очевидно, что построение общей, целостной фундаментальной теории социальной педагогики возможно только, если все обозначенные философские, социологические, психологические, антропологические теории и положения будут самым серьезным образом проанализированы и приведены к единому методологическому основанию, единой базовой парадигме, соответствующей логике развития ноосферной цивилизации.

Первым шагом к созданию обозначенной теории является создание государственного национального проекта по развитию социальной педагогики. Серьезное внимание к обсуждению научных основ социальной педагогики обещает выход из сложившейся ситуации, который может быть найден общими исследовательскими усилиями тех, кто не равнодушен к социальному состоянию и развитию страны.

Социальная педагогика, наряду с семьей и образовательными учреждениями, представляет важную социальную конструкцию по реализации программ и традиций общественного развития и социальной защиты человека.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Постмодерн в современном социогуманитарном знании: закономерное развитие или манипуляция сознанием / под общ. Ред. С.И. Григорьева. – М.: Изд. РГСУ, 2009. – 165 с.
- 2 Социальная педагогика: учебное пособие для студентов высших учебных заведений / под ред. В.А. Никитина. – М.: ГИЦ ВЛАДОС, 2002. – 272с.
- 3 Философский энциклопедический словарь. – М.: ИНФРА – М., 1997. – 576 с.

ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДА КӘСПТІК БІЛІМНІҢ ОРНЫ

*Еркетаев Е.С., Абенова М.Б., Жантулина Д.З.,
Рудный индустриялық институты, Қазақстан*

***Annotation.** Nowadays teachers of Higher education institutions are demanded not only high professional knowledge and skills, but also knowledge of pedagogy. So at present time in the educational environment of the Republic of Kazakhstan was formed direction connecting in the professional activity of teachers' knowledge, which include educational technologies. Knowledge of new educational technologies and their application requires from teacher skills in using instructional technologies.*

***Аннотация.** В настоящее время от преподавателей учебных заведений требуются не только высокие профессиональные знания и навыки, но и знания в области педагогики. Поэтому в настоящее время в образовательной среде Республики Казахстан образовалось направление, сочетающее в профессиональной деятельности педагогов знания, включающие в себя образовательные технологии. Знание новых образовательных технологий и возможность их применения требуют от педагога владения техническими средствами обучения.*

Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек кәсіби білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет пен ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді. Баланың тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасу мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады.

Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланың тәрбиелену, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру

болып табылады. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының азаматы ретінде білім алушыларды тәрбилеудің тұтастығы жөніндегі мемлекет саясатының бағыты Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында оқушыларға құқықтық білім беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында адамгершілік-жыныстық тәрбие беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасында, Қазақстан Республикасы азаматтарын патриотизмге тәрбиелеу бағдарламасында атап көрсетілген.

Жалпы, қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістер білім беру ісіне тәуелді болатыны белгілі. Сондықтан мемлекеттің басым бағыты ретінде, бәсекелестікке қабілеттілікті қалыптастыратын басты құрал ретінде білім берудің орын алуы заңды. Қайта құру кезіндегі өзгерістер, тәуелсіздік алғаннан кейінгі өзгерістер мұғалім профессиограммасына да өзінің ықпалын тигізіп отырды. Қоғамның дамуымен бірге білім беруді ақпараттандыру мәселесінің өзектілігі артып отырғаны соңғы жылдары анықтай байқалды.

Жаңа ғасырдың ақпараттық қоғамына қажетті жаңа тұрпатты оқытушыны дайындау мәселесіне байланысты 2012 жылы 14 желтоқсанның «Қазақстан Республикасындағы жаңа тұрпатты оқытушыны даярлаудың үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы» және «Қазақстан Республикасындағы жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасының» жобалары ұсынылды. Осы екі жобаның біріншісінде жаңа тұрпатты оқытушыға – рухани жетілген, шығармашылық қабілеті жоғары, өзіне сын көзбен қарай алатын, кәсіби дағдылары, педагогикалық дарыны бар, жаңашылдыққа ұмтылатын тұлға ретінде анықтама берілген. Оқытушы идеалы – білімнің құндылығын айқын түсінетін, «мәдениеті жоғары адам», өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдана алатын, өзін жеке тұлға ретінде дамытып, рухани өсуге деген қажеттілігі мол болуы тиіс делінеді.

Кәсіпқой оқытушы өз пәнін жетік біліп қана қоймай, әрбір қатынасушының педагогикалық үдерістегі орнын білуі керек. Студенттердің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алуға қабілетті болып, оның нәтижелерін алдын-ала болжамдап көре білуі тиіс, болуы мүмкін ауытқушылықтарды дер кезінде түзете алуы, яғни құзыретті тұлға болу керектігіне назар аударылады.

Жобада жаңа тұрпатты оқытушы үш түрлі құзыреттілікке ие болуы тиіс деп есептелінеді: әдіснамалық, жалпымәдени, пәндік-бағыттылық. Педагогикалық қызметтің шығармашылық бағытталуы, біріншіден, оқытушыға мамандығы үшін мәні бар күшті және әлсіз жақтарын (өзін-өзі тануын, эмоционалдық қалпын, коммуникативтік және дидактикалық қабілеттерін және т.б.) бағалай алуы; екіншіден, зияткерлік мәдениетін (ойлау, ес, қабылдау, зейін), мінез-құлық, қарым-қатынас, соның ішінде педагогикалық қарым-қатынасты меңгеруі; үшіншіден, қазіргі интеграциялық үдерістер, әлемдік білім берудің даму тенденцияларын бағдарлай алу сияқты мәселелерді қарастырумен байланысты.

Жаңа тұрпатты оқытушы ұғымының теориялық еңбектерде қарастырылу жайы, айтылған мәселелерді жүзеге асыру үшін жаңа тұрпатты оқытушыны қалыптастыруда ақпараттық технологияларды қолданудың дидактикалық шарттары, ақпараттық технологияларды қолдану мазмұны сынды мәселелер өз шешімін табуды көздейді

Қазіргі білім беру жүйесіндегі педагогикалық мамандық түлектері мен жалпы білім беретін мектеп қажеттілігі арасындағы үйлесімнің жеткіліксіз болуы, мұғалімдердің студенттерді оқыту, тәрбиелеу үдерісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалануға дайындығының төмен болуы сияқты қайшылықтар білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып отыр.

Педагогикалық білім берудің ең жоғарғы мақсаты – жаңа тұрпатты оқытушының жалпы және кәсіби дамуының үздіксіз жүргізілуі деп есептейміз. Бұл мақсатты жүзеге асыру кезінде маман-адам, азамат пен оның кәсіби білімі, іскерліктері мен дағдылары арасындағы үзіліп қалған байланыс қайта жалғасын табуы керек. Болашақ маманның жеке тұлғалық позициясын, оның кәсіби білімі мен іскерліктерін біріктіру жүзеге асуы жөн. Бұл біріктіру жалпы қосынды емес, сапалық жағынан жаңа құрылым болып, тұтастығы мен ішкі құрылымы жаңа типті оқытушы даярлау мен қалыптастыру мақсатын қоюға болады. Педагогикалық білім беру мақсаты, оқытушы тұлғасы мен кәсіби қызметінің инвариантты, идеалданған көрсеткіштері біліктілік сипаттамасының негізіне қойылатын профессиограммада ашылады. Біліктілік сипаттамасы типтік кәсіби педагогикалық міндеттер жүйесі түрінде құрылып, оқытушы тұлғасы мен кәсіби құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптарды құрайды.

Сонымен жаңа тұрпатты оқытушы ұғымы соңғы жылдары жарияланған шетелдік және қазақстандық педагогика оқулықтарында, ғылыми зерттеулерде «жаңа типті оқытушы», «оқытушы идеалы», «шебер оқытушы» түрінде берілсе, «жаңа тұрпатты оқытушы» термині терең қарастырылмаған. Жаңа тұрпатты оқытушы дегеніміз – кәсіби білім мазмұнын үздіксіз жетілдіріп отыратын, оқу үдерісін басқару қабілеті, сондай-ақ тұлғалық және кәсіби сапасы жоғары, озық технологияларды меңгерген, оны қалауынша пайдаланатын құзыретті тұлға.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, әрі өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Яғни жаңа технологияларды меңгеру жаңа тұрпатты оқытушыны қалыптастыруға қойылатын негізгі талап болып отыр. Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «студенттерді ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

Демек, болашақ оқытушы оқыту үдерісінде студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуда, біріншіден, тұлғаның жеке қасиеттерін ескере отырып, студент тұлғасын сипаттай білуі қажет, екіншіде өзі ұйымдастырған шығармашылық әрекеттің оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үдерісі мен оның нәтижесіне әсер ететін мынадай маңызды факторларын білуі және ескеруі қажет:

- шығармашылық белсенділік және шығармашылық іс-әрекетке сұраныс;
- студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту шарттары;
- студенттердің шығармашылық қабілетін ынталандыру көздері;
- студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту әдістері;
- студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту құралдары;
- студенттердің жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары.

Демек, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлығы бар мұғалімдерге қоғам сұранысының өсуі мен мұндай талапқа сай мамандарды даярлауға байланысты жоғары оқу орындарына арналған арнайы тұжырымдаманың жоқтығы арасында; болашақ оқытушының студенттердің шығармашылық қабілетін дамытудағы кәсіби даярлық сапасына талаптардың артуы мен оның ғылыми-теориялық, әдистемелік негіздерінің жеткіліксіз зерттелуі және арнайы оқу-әдистемелік кешендермен қамтамасыздандырылмауы арасында қарама-қайшылықтар бар екендігі анық байқалады.

Сонымен, осы жоғарыда айтылғанның бәрі, бізге болашақ оқытушыны студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлау – білім беру үдерісінің аясында студенттердің кәсіби-педагогикалық қызметке бағдарлануына және педагогикалық шығармашылық тәсілдерді меңгеруіне, білім беру барысында ізденіс танытып, жаңа шығармашылық шешімдер қабылдауына, студенттер тұлғасының өзіндік және шығармашылық дамуына қол жеткізуде ұйымдастырушылық формаларды құру дағдыларын меңгерулеріне жағдай жасайтын оқу үдерісінің барлық құрылымдық компоненттерінің өзара ықпалдастық байланысын құруды көздейтін күрделі үдеріс деп анықтама беруімізге мүмкіндік береді.

Оқытушының кәсіби біліктілігі оның іс-әрекетінің тиімді болуының теориялық және жалпы әдіснамалық негізі болып табылады. Кәсіби біліктілікті меңгерту ЖОО студенттерді оқытушылық мамандыққа даярлаудағы басты міндеттердің бірі. Оқытушының кәсіби білігі оның практикалық қызметінде іске асырылады, сондықтан ол, оның жалпыпедагогикалық, әдістемелік біліктілігімен, дағдысымен тығыз байланысты. Мысалы, болашақ ағылшын тілі оқытушылары кәсіби шеберлікке мақсатты даярлаумен қоса, педагогикалық шығармашылық қызметке даярлау оның кәсіби даярлығымен тікелей астарласуы тиіс. Ол болашақ оқытушының *жалпы мәдени* (өмірге көзқарас), *әдіснамалық* (психологиялық-педагогикалық), *пәндік* блоктарды меңгеруімен қамтамасыз етіледі.

Заманауи ақпараттық қоғамға өздігінен дербес, сыни тұрғыда ойлайтын, туындаған проблемаларды көре білетін және оларды шығармашылықпен шеше алатын адам қажет. Ол өздігінен белсенді әрекет етуге, шешім қабылдауға, өмірдің өзгермелі жағдайларына икемді бейімделуге қабілетті болуына мүдделі. Сондықтан қазіргі қоғамдағы білім берудің мақсаты – адамды интеллектуалдық және адамгершілік тұрғыда дамыту. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін болашақ оқытушыға, мектепте қызмет ететін маман ретінде, білім беру жүйесінің стратегиялық бағыты айқын көрсетілуі тиіс. Оған оқу үдерісінің тиімділігі, сабақтардың жүйелілігі мен сапасы, бағдарламаның орындалу барысы, білімнің тереңдігі және бүкіл оқу-тәрбие жұмысының дұрыс жоспарлануы игі ықпал етеді. Сондай-ақ, болашақ оқытушының кәсіби бейімделу аясын да анықтаған жөн.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру- оқытушының кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Біліктіліктің кейбір түрлері, яғни ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану саласындағы сауаттылық бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Осыған байланысты жаңа технологияларды қолдануда шетел тілін меңгеру бұрынғыға қарағанда маңызды болып отыр. Оқу, өзгерістерге ілесе оқу, ақпараттық ағынға ілесу- бұл әрбір маманның алуға тиіс кәсіби құзиреттілігі.

Қазіргі кезде жаңа білім жүйесі интернеттің пайда болуының арқасында дамығанын барлығы мойындайды. Көптеген әдіскерлер видеофильм, электрондық пошта (e-mail), мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер және т.б. көмегімен шетел тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Ал шетелде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан, оқытушының маңызды тапсырмасының бірі шет тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады. Шет тілін үйрету процесінде компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер, видео-көріністер, презентациялар және т.б. әртүрлі дыбыстар арқылы көрсетіледі. Компьютер мониторындағы көріністер студенттің іс-қимылының арқасында өзгеріп отырады. Бұл динамикалық және студенттің бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар, оқу процесінде студенттің белсенділігі оянады. Нәтижесінде, студент ақпаратты оңай әрі тез қабылдайды және студенттің ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды.

Қазіргі кездегі оқытушыларды оқытудағы ең қажетті педагогикалық инновацияның бірі мультимедиялық компьютерлер. Себебі адам көру, есту арқылы тілді тезірек үйренеді. Есту арқылы тілінің шет тіліне дағдылануы тез әрі ешбір акцентсіз болады. Сондықтан қазіргі таңда шет тілін оқытуда мультимедиа, яғни жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен пайдаланылады.

Мультимедиа-дыбыс және көру түріндегі ақпараттар жүзеге асырылатын бағдарламалық аппараттық құралдар жиынтығы. Мультимедиа жергілікті, аймақтық және әлемдік желілер бойынша дыбыс, мәліметтер және көріністі беру үшін жоспарланған. Жұмыстың интерактивті режиміндегі графика, анимация, фото, бейне, дыбыс, мәтіндер ақпараттық орта қалыптастырады. Мұны пайдаланушыда сапалы жаңа мүмкіншіліктер болады. Мәдениетара-

лық қарым-қатынас біліктілігін дамыту процессінде оқытудың техникалық құралдары оңтайлы қолданылса онда ол оқытушы еңбегінің шарттарын шарықтандырумен қатар оқушының да оқу жағдайын өнімді етеді. Оқытушы оқытудың пәндік ерекшеліктеріне байланысты техникалық құралдар қолданудың негізгі принциптерін жетік меңгерумен қатар өзінің ақпараттық компетенттілігін дамытуы тиіс. Ол ең алдымен оқу-тәрбиелік істе оқытудың техникалық құралдар қолданысының ұтымдылығын түсіне алу; сабақ жоспарын жаңа технологиялық талаптарға сай құра білу; интегративті түрде сабақ жоспарына кірістіре алу; техникалық құралдарды студенттің танымдық қажеттілігін өтей алатын және оқытушының өзіндік кәсіби құлшынысына сай түрлерін іріктей алу; қорыта келе оқытушы аталмыш техниканы пайдалану тетіктерін меңгеруі нәтижеге жетелейді. Тек осындай алғышарттардың орындалуы оқытудың техникалық құралдарының әдістемелік және дидактикалық мүмкіншіліктерін ашады.

Соңғы жылдары оқыту үдерісін ізгілендіру, оның практикалық бағыттылығын күшейту мақсатында пайдаланылып жүрген іс-шараларға, соның ішінде "инновациялық үдеріске", яғни педагогикалық жаңалықтарға жан-жақты сипаттама беріліп келеді, дегенмен әлі де жеткіліксіз.

Білім беру саласындағы жаңалықтарды үш топқа бөліп қарастырамыз: ұйымдастырудағы жаңалықтар; технологиялардағы жаңалықтар; оқулықтар мен бағдарламалардың өзгерістеріндегі жаңалықтар. Аталған жаңалықтардың аясында болашақ оқытушының студенттердің шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың да жаңашылдық бағыттары анықталады. Яғни, бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне аса мән берілмейінше, білім берудің заманауи технологияларын, соның ішінде электрондық оқулық пен бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендімейінше, бірде-бір әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес

Оқыту үдерісінде студенттердің кәсіби белсенділігін арттыру мәселесі соңғы кезде жалпы бағытта кең мағынада қарастырылып келеді. Арнайы пәндерді бұл әдіспен оқыту, ақпараттық-логикалық ойлаудың өзіндік ерекшеліктерін ескермей, жалпы белсенділікті қамтамасыз етуді оқыту екендігі белгілі. Сондықтан болашақ мұғалім пәндердің өзіндік ерекшелігін ескере отырып қамтамасыз етілетін белсенді оқыту білігін меңгеруі қажет. Белсенді оқытуды қамтамасыз ету мақсатында оның әдістемесін жасау үшін ақпараттық модельдеу іс-әрекетінің құрамын, құрылымын анықтау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде. – Астана, 2006.
- 2 Болашақ мұғалімді оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға кәсіби дайындаудың бір жолы // А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Хабаршысы. - Түркістан, 2009. - №3 68). -Б. 107–113.
- 3 Білім туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: «Литера», 2000.
- 4 Суворова Н. Интерактивные обучения. Новые подходы. - М., 2005.

ОСОБЕННОСТИ СОДЕРЖАНИЯ МИКРОСРЕДЫ ЛИЧНОСТИ

Иванов А.В.,

Московский государственный педагогический университет, Россия

Annotation. The purpose of the teacher is to develop the team as an assistant and an advocate for the individual, and the development of a child's ability to defend itself. A look at the child as a subject of its own development poses a different challenge and support, not only as external to his pedagogical action, but also as a kind of specific activity of the child - self-defense.

В социальной психологии *микросреда личности* рассматривается как часть социальной среды, с которой непосредственно взаимодействует личность в процессе социальной деятельности. Здесь важно выделить два момента: а) личность испытывает воздействие в не-